

Национальная компания «КазМунайГаз» приступила к проведению независимого аудита запасов нефти

АО НК «КазМунайГаз» (далее – НК КМГ) приступила к проведению независимого аудита запасов нефти. Аудит будет осуществлен компанией «Гаффни Клайн энд Ассошиэйтес» по международным стандартам в соответствии с методикой PRMS (ранее методика SPE) по состоянию на 31 декабря 2011 года.

НК КМГ выбрал для аудита методику PRMS (Petroleum Resources Management System – Систему управления нефтяными ресурсами), которая основывается на динамике показателей разработки и оценке начальных геологических запасов по категориям.

Данная методика обеспечивает достаточно точное отражение совокупных запасов, доступных для эксплуатации в течение всего срока службы месторождения. Так, система PRMS используется Обществом инженеров-нефтяников (SPE), Всемирным Нефтяным Конгрессом (WPC), Американской ассоциацией геологов-нефтяников (AAPG) и Обществом инженеров по оценке запасов нефти и газа (SPEE).

Управляющий директор по разведке и добыче (член Правления) АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев отметил, что на сегодня извлекаемые запасы АО НК «КазМунайГаз» составляют порядка 800 млн. тонн извлекаемых, по стандартам казахстанской классификации. При нынешнем уровне консолидированной добычи НК КМГ обеспечен доказанными запасами нефти более чем на 35 лет.

- Мы удовлетворены началом проведения работ по аудиту запасов и ресурсов НК КМГ по международным стандартам. Полученные данные позволят нам более четко планировать деятельность в области разведки и добычи нефти. Проводимый аудит запасов нефтяных и газовых месторождений повысит ликвидность ценных бумаг компании на рынке. В связи с этим, еще больше возрастет доверие к нефтегазовым проектам АО НК «КазМунайГаз» со стороны потенциальных инвесторов, которые делают выводы на основании заключений западных аудиторских фирм, - отметил Алик Айдарбаев.

Кроме того, А.Айдарбаев подчеркнул, что аудит нефтегазового недропользования является эффективным инструментом управляющего воздействия на процесс воспроизводства минерально-сырьевой базы нефтегазовой промышленности, позволяющим рационализировать подготовку и освоение запасов углеводородного сырья.

- Если раньше дочерние компании АО «РД «КазМунайГаз», АО «Мангистаумунайгаз» и другие уже проводили аудит своих добывающих активов, то данная оценка запасов и ресурсов всех активов группы компаний КМГ даст не только консолидированную оценку наших добывающих активов, но впервые - оценку ресурсного потенциала КСКМ и других разведочных активов компании, - добавил А.Айдарбаев.

В дополнение к вышесказанному, главный геолог АО НК «КазМунайГаз» Курмангазы Исказиев отметил, что необходима модификация действующей системы классификации запасов и ресурсов нефти и газа в Республике Казахстан, приближающая ее к принятым в мировой практике. Применение

новой международной системы, ужесточающей экономические требования к сырьевой базе, повысит степень реалистичности ее оценки.

Планируется, что в дальнейшем подобный аудит запасов будет проводиться на регулярной основе.

Справка:

Методы оценки запасов

В настоящее время существуют различные классификации оценки запасов и ресурсов жидких, газообразных и твердых углеводородов. В задачу этих систем входит не только измерение объемов углеводородов, содержащихся в недрах, но также определение доли этих запасов, извлечение которой будет экономически оправданным с учетом существующих технологий, оборудования и норм по охране окружающей среды.

Классификация SPE-PRMS

Наиболее распространенной в мировой нефтегазовой промышленности является система управления ресурсами и запасами углеводородов SPE-PRMS (Petroleum Resources Management System). Классификация, разработанная в 1997 году Обществом инженеров-нефтяников (Society of Petroleum Engineers, SPE) совместно с Мировым нефтяным конгрессом (World Petroleum Congress, WPC) и Американской ассоциацией геологов-нефтяников (AAPG), в последующие годы была дополнена разъясняющими и вспомогательными документами, и в 2007 была принята новая редакция системы.

Стандарты SPE-PRMS не только оценивают вероятность присутствия нефти в месторождении, но и учитывают экономическую эффективность извлечения этих запасов. При определении эффективности учитываются такие факторы, как затраты на разведку и бурение, транспортировку, налоги, существующие цены на нефть и многие другие. Так же эта классификация оценивает ресурсы углеводородов, выявленные за счет разведки.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мұнай қорына тәуелсіз аудит жүргізуге кірісті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) мұнай қорына тәуелсіз аудит жүргізуге кірісті. Аудитті PRMS әдістемесіне сай халықаралық стандарт негізінде (бұдан бұрын SPE әдістемесі) 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Гаффни Клайн энд Ассошиэйтес» компаниясы атқарады.

ҚМГ ҰК аудит жүргізу үшін игеру көрсеткіштерінің динамикасы мен алғашқы геологиялық қорларды категориялар бойынша бағалауды негізге алатын PRMS (Petroleum Resources Management System – Мұнай ресурстарын басқару жүйесі) әдістемесін таңдап алды.

Бұл әдістеме кен орны қызмет көрсететін барлық мерзім ішінде игеруге қолайлы тұтас қорлардың дәл сипатын бере алады. Осылайша, PRMS жүйесін инженер-мұнайшы (SPE) қоғамы, Бүкілдүниежүзілік Мұнай Конгресі (WPC), Американың геолог-мұнайшылар ассоциациясы (AAPG) және Мұнай және газ қорын бағалау жөніндегі инженерлер қоғамы (SPEE) пайдаланады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі) Алик Айдарбаев бүгінде қазақстандық жіктеу стандарты бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алынатын қоры шамамен 800 млн. тоннаны құрайтындығын атап өтті. Қазіргі шоғырландырылған мұнай өндіру деңгейі бойынша ҚМГ ҰК 35 жылдан астам уақытқа дәлелденген мұнай қорымен қамтамасыз етілген.

– Біз ҚМГ ҰК қорлары мен ресурстарын аудиттеудің халықаралық стандарттар бойынша жүргізіле бастағанына ризашылықпен қараймыз. Алынған деректер бізге барлау және мұнай өндіру саласындағы қызметімізді айқын жоспарлауға ықпал етеді. Мұнай және газ кен орындарына аудит жүргізу компания бағалы қағаздарының рынокта өтімділігін жоғарылатады. Сонымен қатар батыс аудиторлық фирмасы жасаған қорытындының негізінде потенциалды инвесторлар тарапынан «ҚазМұнайГаз» ҰК мұнай-газ жобаларына деген сенім бұрынғыдан да арта түсетін болады, деп атап көрсетті Алик Айдарбаев.

Сонымен бірге Алик Айдарбаев мұнай-газ жер қойнауын пайдалану аудиті мұнай-газ өнеркәсібі минералды шикізат базасын ұдайы өндіріс процесінде басқаруға әсер ететін нәтижелі құрал болып саналатынын, көмірсутегі шикізаты қорларын ұтымды дайындау және игеруге мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

- Егер бұрын «БӨ «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еншілес кәсіпорындары және басқалар өздерінің өндіру активтеріне аудит жүргізген болса, ал қазіргі бағалау ҚМГ компаниялары тобының қорлары мен ресурстарының барлық өндіру активтеріне шоғырландырылған баға беріп қана қоймай тұңғыш рет Каспий теңізі қазақстандық секторының және компания активтерінің басқа да ресурстық әлеуетін бағалайды,- деп нақтылады Алик Айдарбаев.

Жоғарыда айтылғанға қосымша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас геологы Құрманғазы Есқазиев Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген мұнай және газ ресурстарының қорлары мен ресурстарын жіктеу жүйесін, оны әлемдік тәжірибеде қабылданғанға жақындатып түрлендіру қажет деп атап өтті. Шикізат базасына қойылатын экономикалық талаптарды күшейтетін жаңа

халықаралық жүйені қолдану оны бағалау шынайылығының дәрежесін көтермек.

Алдағы уақытта осындай аудит жұмыстарын тұрақты түрде өткізіп тұру жоспарланып отыр.

Анықтама:

Қорларды бағалау әдістері

Бүгінде сұйық, газ түріндегі және қатты сутектері қорлары мен ресурстарын бағалауды жіктеудің түрлері көп. Бұл жүйелердің мақсаты - жер қойнауындағы көмірсутектерінің көлемін өлшеп қана қоймай, сонымен қатар қолдағы бар технологияны, жабдықты және қоршаған ортаны қорғау нормаларын ескере отырып, осы қорлардың үлесі өндірген кезде экономикалық жағынан тиімді болуын анықтау.

SPE-PRMS жіктеу

SPE-PRMS (Petroleum Resources Management System) көмірсутегі ресурстары мен қорларын басқару жүйесі әлемдік мұнай-газ өнеркәсібінде көбірек қолданылады. Мұнайшы инженерлер қоғамы (Society of Petroleum Engineers, SPE) Әлемдік мұнай конгресімен (World Petroleum Congress, WPC), Американдық мұнайшы геологтар қауымдастығымен (AAPG) бірлесіп 1997 жылы әзірлеген жіктеме кейінгі жылдары да түсінік беретін және қосалқы құжаттармен толықтырылды және 2007 жылы жүйенің жаңа редакциясы қабылданды.

SPE-PRMS стандарттары кен орнындағы мұнайдың болу ықтималдығын бағалап қана қоймай, осы қорларды алудың экономикалық тиімділігін ескереді. Тиімділікті анықтаған кезде барлау және бұрғылау, тасымалдау шығындары, салықтар, мұнайдың қолданылып жүрген бағасы секілді факторлар және көптеген басқа факторлар ескеріледі. Осы жіктеме сондай-ақ барлау есебінен анықталған көмірсутегі ресурстарын бағалайды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	